



АТТЫ ІЗГІЛІКKE БАСТАЙТЫН ЖОЛ

Балуандарымыз чемпион атанды

2-бет



Мен сайлауды кол-даймын!



Сайлауды бір кісідей қолдайық!

3-бет

Аудан ТЫНЫСЫ

№ 21 (530) СЕЙСЕНБІ, 10 НАУРЫЗ 2015 ЖЫЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ӨҢІРДІ ӨРКЕНДІ ІСТЕР КҮТІП ТҰР

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов өңір жұртшылығы алдындағы алғашқы есептік кездесуін өткізді. 2014 жылы туындаған экономикалық кедергілерге қарамастан, Шығыс Қазақстан негізгі стратегиялық мақсаттарды табысты жүзеге асырды. Облыс басшысы жалпы өңірлік өнімнің тұрақты өсімі сақталғанын, ол экономиканың базалық салаларын дамыту есебінен 2,2 трлн. теңгеге жеткенін атап өтті. 2014 жылы өнеркәсіп кәсіпорындары 1 098 млрд. теңгенің өнімін шығарды. Тау-кен байыту өнеркәсібінің көлемі 102,5 млрд. теңгеге жетті. Өнеркәсіп өнімдерінің 80 пайыздан астамын өңдеу өнеркәсібі құрайды, деді облыс әкімі. Жұмыссыздық деңгейі өткен жылы 4,8 пайызды құрап, өңірде түрлі салада 20,2 мың жұмыс орны ашылды. Инновациялық өнім 2,5 есеге өсіп, өткен жылы 109,4 млрд. теңгеге артты. Облыс аумағындағы «Қазцинк», Үлбі металлургиялық зауыты, «Өскемен титан-магний комбинаты», «АЕС Өскемен ЖЭО», «Согра ЖЭС», «Семей қаласы цемент зауыты», «Азия Авто» сынды 75 мың адам жұмыс істейтін ірі кәсіпорындар өткен жылы 1 трлн. 98 млрд. теңгенің өнімін өндірді. Бұл – 2013 жылмен салыстырғанда 100 млрд. теңгеге артық. Д.Ахметов алда атқарылатын жұмыстар «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясатының аясында жүзеге асырылатынын атап өтті. Экономикалық өсімнің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған бағыт-бағдар жұмыспен қамтуды жолға қою арқылы нәтижелі. Бұл ретте Елбасы тапсырмасына сәйкес, бірінші кезекте жол құрылысы жүргізіледі. Қазір облыс аумағындағы «Астана-Өскемен» магистралінің 118 шақырымы жөнделді. Биыл осы жолдың 53 шақырымын жөндеу және «Алматы-Өскемен» магистралін жобалауды аяқтау қарастырылып отыр. Оны іске асыру нәтижесінде 2020 жылға қарай автокөлік тасымалын 1,5 есеге арттыру және 2 мың жұмыс орнын құру көзделген... Сонымен бірге, облыстың түкпір-түкпірінен келген тұрғындар өңір басшысына Өскеменде Чернобыль мен атом құрбандарына ескерткіш қою, Семей мен Өскемен қалаларын көріктендіру және абаттандыру, Бесқарағай ауданындағы Семей-Павлодар автокөлік жолының құрылысын жандандыру, Зырян ауданындағы Малеевский кенішінің келешегі, Риддер қаласында концессиялық негізде балабақша ашу, Катонқарағай ауданында «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» фестивалін өткізу, Өскемен мен Семейде муниципалды автопарк құру жөніндегі өз сауалдары мен ұсыныстарын жеткізді. Облыс басшысы барлық сауалдар мен ұсыныстар сараланатынын, бюджет пен қаржыландыру көздерінің мүмкіндігіне, тиімділігіне байланысты қарастырылатынын атап өтті. Есептік кездесу соңында Д.Ахметов Елбасы биылғы 26 сәуірде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қойып, өз Үндеуін жария еткенін, еліміз үшін сайлау арқашан келісім мен бірлікті шыңдаудың басты құралы болып қала беретінін жеткізіп, шығысқазақстандықтарды Президент сайлауын өткізу кезеңінде Ата Заңмен кепілдік берілген азаматтық борыш пен патриоттық парызы өтеудің нақты үлгісін көрсетуге шақырды.

БАҚ беттерінен

V шақырылған Бородулиха аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан тұрғындарының НАЗАРЫНА!

V шақырылған Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясы 2015 жылдың 16 наурызында сағат 10:00-де аудандық әкімдіктің (Тәуелсіздік к., 69) кіші мәжіліс залында өтеді.

Сессияның ұсынылатын күн тәртібі:

- Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 28-2-V «2015-2017 жылдарға арналған Бородулиха ауданының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
Баяндамашы: Мұрат Құсайынұлы Аргумбаев – Бородулиха ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы.
- Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының басқару схемасы туралы.

У. МАЙЖАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы

Газетіміздің 20 нөмірінде жарияланған Бородулиха аудандық мәслихатының кезектен тыс XXX сессиясының хабарламасы **жарамсыз деп танылсын.**

Жаңа дүкен ашылды



БЖК 2020

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020

Биыл біз үшін ерекше жыл екенін бәріміз де білеміз. Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығын, Ұлы отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығын, Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл және Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл, осымен қатар Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл толып отыр. Осындай атаулы мерекелер қарсаңында және келе жатқан Халықаралық әйелдер мерекесіне орай аудан орталығында Жанат пен Екатерина Ситдықовтар “Титан” атты дүкенін халық игілігіне ұсынды.

Бұл дүкен – өзгеше дүкен. Осы дүкенде шаруашылық



заттар арзан бағамен сатылады.

Осы дүкеннің салтанатты ашылу рәсіміне аудан әкімі Г.Акулов, аудандық мәслихаттың хатшысы У.Майжанов, Бородулиха ауылдық округінің әкімі К.Бичуинов, Қарбай мешітінің бас имамы

Ә.Акимбатчаев, кәсіпкерлер және ауыл тұрғындары қатысты.

Дүкеннің ашылу салтанатында сөйлеген өз сөзінде Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович бұл дүкеннің екі жақты тиімділігі бар екенін және аудандағы шағын және орта бизнестің дамуының маңызды роль атқаратынын атап өтті. Аудан әкімі сондай-ақ саудалары жүріп, халыққа ұсынып отырған осы дүкеннің қожайындарына өз тілегін білдірді. Құттықтау сөзімен Қарбай мешітінің бас имамы Әріпжан Қожанұлы дүкеннің ашылу салтанатына келушілерге және Жанат пен Екатерина отбасына өзінің шын жүректен жылы лебізін жеткізді.

(жалғасы 2-ші бетте)

КЕЛЕЛІ ОТЫРЫС



Жуырда көгілдір көктемнің алғашқы күні - 1 наурызда «Нұр Отан» саяси партиясының құрылуына бағышталған «Партия күні» атты Республикалық акция аясында Бородулиха аудандық «Нұр Отан» филиалының ғимаратында келелі басқосу болып өтті. Бұл отырысқа депутаттар, Бородулиха ауданының құрметті



азаматтары, аудан басшылары, ауылдық округтегі бастауыш партия ұйымының төрағалары мен орынбасарлары, белсенді партия мүшелері қатысты. Шараның мақсаты - партияның барлық бастауыш ұйымдарының қызметінің белсенділігін арттыру, қоғамның назарын партияның қызметіне аудару және «Нұр Отан» партиясының құрамына жаңа мүшелерді тарту.

(жалғасы 2-ші бетте)

Билік және халық



(Басы 1-ші бетте)

Партияның белсенді мүшелері бас қосқан осы кездесуде Бородулиха аудандық «Нұр отан» филиалы төрағасының бірінші орынбасары С.Урашева жиналғандарды партия күнімен шын жүректен құттықтап, партияның алға қойған мақсаттарын түсіндіре отырып, 2015 жыл БПҰ жылы екендігін,

КЕЛЕЛІ ОТЫРЫС



белсенді партия белсенділерін халықпен тығыз жұмыс істеуге, ауданымыздың экономикалық дамуы үшін барлық жұмыстарды бірлесе атқаруға шақырды. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған «Нұрлы Жол - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ» жаңа экономикалық саясатының маңыздылығына тоқталды. «Президент Жолдау аясында барлығымызға нақты тапсырмалар бергенін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясында жүктелген маңызды стратегиялық міндеттер жүктегенін жеткізді. Ол жиналғандарға аудандық филиалдың алдындағы негізгі міндеттерді нақтылап «Нұр Отан» бастауыш ұйымдарынан бастап, аудандық филиалының жұмысын өрістетуге, партия белсенділерінің саяси біліктілігінің арта түсуіне баса мән беру керектігін атап айтты. Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауындағы экономикалық саяси бағыттарды халыққа түсіндіріп, соларды жүзеге асыруды тапсырды. Одан кейін Бородулиха ауданының Құрметті азаматтары Л. Шокарева, Е. Бойченко мен аудандық мәслихаттың депутаты А. Әубәкірөвке, бастауыш партия ұйымының төрағалары М.Нуркешов, В. Позигунов, Б. Садыкова, С. Михайличенколарға жаңа үлгідегі партия билеттерін салтанатты түрде табыс етті.

М.АТАЕВА

Бастауыш сынып мұғалімдерінің конкурсы

2015 жылғы 26 ақпанда «Н.Островский атындағы орта мектеп» КММ базасында жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып мұғалімдері арасында «Бастауыш сыныптардың үздік мұғалімі» конкурсы өткізілді. Конкурс екі кезеңде өткізіледі: 1 кезең – аудандық, 2 кезең – облыстық. Конкурстың мақсаты педагог статусын көтеру және кәсіби қызметінде жоғары жетістіктерге ие, шығармашылық жұмыс істеп жүрген бастауыш сынып мұғалімдерін ынталандыру, білім берудегі инновациялық технологияларды дамыту. Конкурсқа аудан мектептерінің 15 мұғалімі қатысты. Аудандық кезең екі блоктан тұрды: бірінші блок – сырттай. Конкурс қатысушылары пән бойынша бейне материалдар, сабақтың өзін-өзі талдауы, портфолио ұсынды. Бірінші блок қорытындысы бойынша финалға 6 педагог қатысты: Т.Краус («Жезкент кентінің экономикалық мектеп-лицейі» КММ), С.В. Запороженко («Абай атындағы НОМ» КММ), С.Громова («Ивановка орта мектебі» КММ), Н.Валеева («Камышенка орта мектебі» КММ), Н.Горяева («Аул бастауыш мектебі» КММ), Г.Матыцина («Комаров

атындағы орта мектеп» КММ). Сырттайғы блокта қатысушылар визиткаларын ұсынды және өзінің педагогикалық мәселесі бойынша шеберлік-сыныптарын өткізді. Конкурстың қорытындысы бойынша «Бастауыш сыныптардың үздік мұғалімі» атағын Надежда Александровна Валеева жеңіп алды!, 2 орынды – Н. Горяева, 3 орынды – Г.Матыцина иеленді.

Облыстық кезеңде біздің ауданымыздың намысын Н.Валеева («Камышенка орта мектебі» КММ) қорғайтын болады.

Барлық қатысушылар мен жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды.

К. ДАУМБАЕВА,
аудандық әдістемелік кабинеттің әдіскері

БАЛУАНДАРЫМЫЗ ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Күрестің ұлттық түрі «қазақ күресінің» даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен таратылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басып түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың төбесіне тұтпар құрметті адамна айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді.

«Қазақша күрес» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді. Ірі Халықаралық турнирлер 1952 және 1975 жылдары Азия аймағы спортшыларының қатысуымен өткізілді. Ұлттық күрестің дамуы Қазақстан егемендік алғаннан кейін жаңа серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чемпионаттар мен біріншіліктер жыл сайын өткізіліп ары қарай дами түсті.

Әрине қазақ күрес десе ішкен асын жерге қояды ғой. Ауданымыздан шыққан елге танымал спортшыларымызда аз емес екені бәрімізге

АТТЫ ІЗГІЛІККЕ БАСТАЙТЫН ЖОЛ



де мәлім. Осындай қазақ күресімен айналысып, дамытып жүрген балуандарымыз 25-28 ақпанда Аягөз қаласында қазақша күрестен Шығыс Қазақстан облысының іріктеу жарысына қатысып қайтты. Осы жарысқа ауданымыздың намысын қорғап барған Мұсылманбек Қажымұқановтың оқушылары С.Ақылбеков, Д.Көпжасар, А.Айдарұлы, Д.Фаизовтар топ жарды. Жарыста қарсылас шақ келтірмеген Санжар Ақылбеков алтыннан алқа тақты. Дидар Көпжасар да жауырыны жерге тимей чемпион атанды. Ал енді Фаизов Даниярмен Айдарұлы Айбар жарыстың жүлдегерлері атанды. С.Ақылбеков пен А.Айдарұлы Тараз қаласында наурыз айында болатын 1998-1999 жылдары туылған жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионатына жолдама алса, Д.Көпжасаров Ақтөбеде өтетін Қазақстан чемпионатына жолдаманы қанжығасына байлады. Осы үлкен жарысқа аттанатын спортшыларымызға айтатынымыз ауданымыздың намысын қорғап, жүлделі орындардан көріне берсін дегіміз келеді.

Т.МҰХАМЕТХАНҰЛЫ

2014 жылға «Нұр Отан» партиясы Бородулиха аудандық филиалындағы қоғамдық қабылдауына заңды және жеке тұлғаларды жеке сұрақтары бойынша партия төрағасы бірінші орынбасарының қабылдау КЕСТЕСІ

ТАӨ	Күні мен уақыты	Өткізетін орны	Байланыс телефондары
Урашева Сәуле Турсынқызы	Күнделікті 10-17.00 с Демалыс күндері: сенбі, жексенбі	Аудандық филиалдың Қоғамдық қабылдау бөлмесі	2-24-46 87753331033 87779880144

Жаңа дүкен ашылды

(Басы 1-ші бетте)

Осы құттықтау сөзден кейін денсаулық ісінің зейнеткері Валерий Никитич пен ардагер ұстаз Сайлауғайша Оралбайқызы салтанатты түрде қызыл лентаны кесіп сауда үйімен жақынырақ танысып, сауда жасау үшін келушілер ішке кірді.



Халық ішке кіріп жаңа дүкенмен танысып өз саудасын жасай бастады.

Ал енді Ситдықовтар отбасына келетін болсақ, Жанат пен Екатеринамен тілдескен кезде бұл олардың аудан орталығында ашып отырған екінші дүкені екенін, біріншісі Азық – түлік дүкені болса, екіншісі осы Титан шаруашылық дүкені болып табылатынын айта өтті. Неге осы дүкенді шаруашылық дүкен жасадыңыз деп сұраған кезде халықтың қалауы мен сұранысы мен жасадық және де тауарлардың бәрі арзан бағамен Ресейден әкелініп тұрғындарға тұрақты бағамен ұсынылатынын айтып өтті. Өздерінің еңбек күшімен, өз қаражаттарымен ашылған дүкен алты адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Қалай дегенде де, жаңа дүкен халыққа да, тұтынушыларға да тиімді болып отыр. Баға арзан, орын жылы әрі ыңғайлы. Тек, осы ашылған "Титан" дүкені жемісін берсін деп өз тілегімізді айтамыз.

Т.ҚАЛИБАЕВ

Ел назарына!

Жалпы түрдегі кәрілерге және мүгедектерге арналған Бородулиха медициналық әлеуметтік мекемесінде тұрып және қайтыс болған төменде аталған азаматтардың туыстарының назарына! Егер тізімде көрсетілген қандай да бір адамға туыс болсаңыз, онда бізге туыстығыңызды хабарлауыңызды және растауыңызды сұраймыз. Мұрагерлер деңгейін анықтау үшін наториалдық кеңсеге жүгінулеріңізді сұраймыз. Кеңес алу үшін Бородулиха ауылы, Достық көшесі 154 мекен-жайы бойынша «ІШҚО Бородулиха ауданының қаржы бөлімі» ММ-ге келесі телефондар арқылы хабарласа аласыздар: 8 (72351) 21336, 21450.

2014 жылдың 20 шілдесі аралығында «Жалпы түрдегі кәрілерге және мүгедектерге арналған Бородулиха медициналық әлеуметтік мекемесі» КММ қамқорлығындағы қайтыс болғандар тізімі.

№	Т.А.Ө	Туған жылы	Қайтыс болған уақыты
1	Лачева Екатерина Ивановна	21.10.1929	26.03.2014
2	Дьякова Мария Тимофеевна	13.10.1925	12.01.2014
3	Козьмин Вадим Вячеславович	30.11.1949	17.02.2014
4	Суслова Любовь Васильевна	06.12.1952	05.02.2014
5	Дайзнер Александр Андреевич	12.04.1952	25.03.2014
6	Полужтова Валентина Георгиевна	02.04.1938	15.04.2014
7	Феохтистова Галина Николаевна	03.07.1936	04.05.2014
8	Немазанникова Валентина Михайловна	23.02.1927	27.05.2014
9	Савинова Валентина Васильевна	05.10.1929	18.06.2014
10	Лялько Владимир Алексеевич	05.05.1938	21.06.2014
11	Гусельникова Зоя Андреевна	27.02.1931	29.06.2014
12	Артамонова Татьяна Ивановна	08.08.1957	17.07.2014
13	Иванова Анна Ивановна	20.09.1927	20.07.2014

Қоғам келбеті

БІЗ САЙЛАУДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!



отыр. Сол себептен де, жалпыхалықтық маңызды істің ертерек өтуіне қолдау көрсеткеніміз абзал. Қазақта «Бақ, қайда барасын? Көршімен болған бірлігі, Мерекелі тірлігі, Ұйымшыл елге барамын», деген қанатты сөз бар. Болашағымызды айқындап, келешегімізге жол ашар маңызды іске «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» қолдау көрсетіп, атсалысуға шақырамын.

Г.БАҚТЫБАЕВА, Камышенка орта мектебінің директоры

САЙЛАУДЫ БІР КІСІДЕЙ ҚОЛДАЙЫҚ!

Мемлекет басшысының халыққа Үндеуін мұқият оқыдым. Қазіргідей тар кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасына келісім бергеніне қанағаттандық. Қазір әлемдегі саяси-әлеуметтік жағдай тұрақсыз. Қаржылық-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны бой көрсетіп отыр. Ендеше, осындай алмағайып күндерде барша қазақстандықтар Елбасы Н.Назарбаевтың төңірегіне тығыз топтасуымыз қажет деп ойлаймын. Бұл жолы да Нұрсұлтан Әбішұлының сайлауға қатысқанын қалар едім. Өйткені, Нұрсұлтан Әбішұлының Отанымыздың іргесі бекіген тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуына сіңірген еңбегі шексіз екенін тек қазақстандықтар ғана емес, бүкіл әлем біледі. Әр жылы халыққа арнайтын Жолдауларында Отанымыздың дамуына ең қажетті деген келелі мәселелер мен тапсырмаларды көрегендікпен, дер кезінде қоя білуінің арқасында бәсекелестікке қабілетті елдің қатарына енгеніміз – Н.Ә.Назарбаевтың нағыз есен алып шығып, бәсекелестікке қабілетті 30 елдің қатарына енгізу. Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау арқылы Мәңгілік Елдің беделін әлемдік деңгейде ұлықтау, іргесін тағы да бекіте түсу. Бүгінде «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы бойынша қарқынды жұмыс бас-талып кетті. Алдымызда Елбасы еңбегінің арқасында жеңіп алған ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу міндеті тұр. Ігі мақсатпен басталған осындай үлкен іс-шараларды табысты аяқтау үшін Нұрсұлтан Әбішұлына мүмкіндік беру әрбір саналы қазақстандықтың азаматтық борышы деп білемін.

М.КОВАЛЬЧУК,

«Хуторянка» украин этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі

КӘСІПКЕР ӘЙЕЛ

Кәсіпкер әйел – бұл атты бірегей біріктіре айту мүмкін емес болса да, бірыңғай біртүрлі естілетіні сөзсіз. Кәсіпкерліктің жүгенін қолға ұстанған әйел адам бизнесте жетістікке жету үшін, қаншама қиындықты жеңіп, қаншама түндерін ұйқысыз өткізіп, әр қилы қиындықтарды бастан кешіреді. Ал өзіңе керекті, өзіңе ұнайтын, адамдарға қажет істі іздеп табуға ісіңнің іргетасын неше мәрте түзетуге тура келеді. Бұны тек – кәсіпкер әйел адам ғана біледі.

Кәсіпкерлер бір орында тұрып қалмайды, әрқашанда еңбектенуге тура келеді, мұндай тапжылмас еңбек ету әсіресе әйел адамдарға ауыр тиеді. Өйткені кәсіпкерлікпен бірге бала тәрбиесін, үй-жай жағдайын да қарайласу міндеттеріне кіреді. Бірақ, кәсіпкерлікті бірге алып жүрген әйел адамдар бизнесте жетістікке жетіп, балаларын да тәрбиелеп, өздерінде қарап жарқырап жүруге де үлгереді. Сүйкімді, тартымды, ибалы, белсенді, биязы, іскер осының бәрі бір әйелдің бойына тән қасиет, ол – Колобова Галина Яковлевна. Бірақ осымен оның қасиеті аяқталмайды. Өз өмірін өзі қарықтырып үш бала тәрбиелеп, тек адам ретінде ғана емес кәсіпкер ретінде де қалыптасты, кентімізде көптен бері тұратын тұрғынымыз. Сондықтан болар ол әрқашанда қарт адамдарға, спортшыларға, балаларға қол ұшын беріп, көмектесуге асығады. Галина Яковлевна Жезкент кентінің кәсіпкерлер төрайымы, басқа адамдарға қарағанда кенттің әлеуметтік, қоғамдық, округтің жаппай мәдени және спорттық өмірін жақсы біледі, қай салада болсын туған кенті үшін белсенділік танытып, барлық іс-шараға кент әкімдігімен бірлесе Наурыз Мейрамы, Жеңіс Күні, Қарттар күні, Балаларды қорғау күні т.б. мерекелерден қалыспай атсалысады.

Жуырдағы Жезкент кенттік округінің әкімдігі 8 наурыз мерекесімен Колобова Галина Яковлевнаны және барлық қыз- келіншектерді, Жезкент кентінің кәсіпкер әйелдерін халықаралық әйелдер күнімен құттықтайды. Шыдамдылығыңыз бен төзімділігіңіз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт және махаббат тілейміз!

Жезкент кенттік округінің әкімдігі



«2015 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы» Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 292 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағы, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабы негізінде мемлекеттік кепілдік жүйесін кеңейту және жұмысқа орналасу кезінде қиыншылық көріп отырған халықтың әртүрлі топтарын қолдау мақсатында, Бородулиха ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «2015 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы» Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 292 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 3605 тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 3 (512), «Пульс района» газетінің 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 3 (6831) жарияланған) қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

әкімдіктің қаулысының қосымшасының 24 жолының 3 бағаны келесі мазмұнмен толықтырылсын: «іргелес аумақты тазалау»; әкімдіктің қаулысының қосымшасының 24 жолының 5 бағаны келесі мазмұнмен толықтырылсын: «2».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.А. Атаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г.АКУЛОВ, аудан әкімі

Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № қаулысына қосымша

2015 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты шарттары

№ 1	Жұмыс берушінің атауы	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыстардың көлемі	Сұраныс (жарияланған қажеттілік, орындар саны)	Ұсыныс (бекітілді, аламдар саны)	Қаржыландыру көзі
24	«Бородулиха ауданының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	үй - жайларды жинау іргелес аумақты тазалау	ай сайын 115 ш.м.	4 2	4	Бородулиха ауданының бюджеті

Бородулиха аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 29-2-V шешімі

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАНЫ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1- тармағы 15) тармақшасына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97-бабына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 512 қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аталған шешімнің 1 қосымшасына сәйкес «Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Қағида бекітілсін. 2. Бородулиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 қазандағы № 27-6-V «Бородулиха ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 26 қарашадағы 3560 нөмірімен тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 95, «Пульс района» газетінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 95 сандарында жарияланды) шешімінің күші жойылды деп танылсын. 3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. ӘУБӘКІРОВ, сессия төрағасы
У. МАЙЖАНОВ, аудандық мәслихат хатшысы

Бородулиха аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 29-2-V шешіміне 1 қосымша ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Қағида (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1- тармағы 15) тармақшасына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97-бабына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 512 қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 2314 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) – Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар;

2) коммуналдық қызметтер - тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар – үй жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға қатысатын ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін болашақта жүргізілетін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға арналған шығыстарының міндетті сомасы;

4) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

5) уәкілетті орган - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыратын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын Бородулиха аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

3. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға

(азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарына;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

4. «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметін Бородулиха аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі көрсетеді.

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат, не сенімхат бойынша оның өкілі) тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жөніндегі министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - ХҚКО) немесе «электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы өтініш береді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2014 жылғы 05 наурыздағы № 185 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметі стандартының 9- тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

6. Тұрғын үй көмегі тоқсандағы құжат өткізген уақытына қарамастан тоқсан сайын көрсетіледі және тоқсанға тағайындалады. Алғаш өтініш жасаған кезде тұрғын үй көмегі, қажетті құжаттар тізбесімен қоса өтініш берген айдан бастап тағайындалады.

7. Тұрғын үй көмегі:

1) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға берген;

2) құрамында жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда тіркелмеген тұлғалары бар, келесі тұлғаларды қоспағанда: бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды күтетін тұлғаларды, үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын аналарды;

3) құрамында заңды некеде тұрған, бірақ жоқ жұбайының тұрғылықты жерін білмейтін (көрсетпейтін) және осы мәселе бойынша құқық қорғау органдарына өтініш жасамаған тұлғалары бар;

4) егер ата-аналары ажырасқан және өздерімен бірге тұратын балаларына алимент өндіру туралы талап бермеген отбасыларға көрсетілмейді.

8. Құрамында зейнеткерлер, мүгедектер, мүгедек балалар, жетімдер, қамқорлықтағылар, төрт және одан да көп көмелеттік жасқа



БІЗДІҢ АНА

*Ата – анасын қадірлеген бабамыз,
Аманатын арқалап біз барамыз.
Бұл күндері қарттар үйін көбейіп,
Сенімдерге селт еу салып барамыз.*

*Бүгін адам өзгерді ғой, өзгерді,
Ата – анасын жылытқанды көз көрді.
Барін қойып сегізінші наурыз,
Анаға біз нұр сылайтын кез келді.*

*Біздің ана, алдиімен тербеткен,
Біздің ана, жылу берген, гүл сепкен.
Біздің ана, күн-түн бақтай жарқырап,
Біздің ана, күн-түн бақтай жарқырап,*

Ұрпағына дұрыс жолды үйреткен.

Сол жандарды құрметтейтін күн бүгін,

*Бәйшешегі қарды жарар нұрлы күн.
Анамыздың мейірімі мен пейілі,
Жер ананы жіпсіткен ғой, құтты күн!*

**М.АЗАНХАН,
«Комаров атындағы орта мектебі»**

КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

толмаған балалары бар отбасыларды қолдау мақсатында тұрғын үй көмегін есептегенде кіріс Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен уақыттың сәйкес кезеңіне белгіленген екі айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (кемітіледі).

9. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй көмегін тағайындаудың негізі болып табылады.

10. Тұрғын үй көмегін алушылар он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өз тұрғын үйінің меншік нысанының, отбасы құрамының, оның жиынтық табысы мен мәртебесінің кез-келген өзгерістері туралы хабардар етеді.

11. Тұрғын үй көмегінің негізсіз алынған соммалар алушымен ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтарылуға жатады.

3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері, тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері

12. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

13. Отбасының шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының жиынтық табысына қарай тоғыз пайыз мөлшерінде белгіленеді.

1) алаңдар нормасы:

жалғыз тұратын азаматтар үшін – 30 ш. м,

екі адамнан тұратын отбасылар үшін – 36 ш. м,

үш немесе одан да көп адамдардан тұратын отбасылар үшін - әр адамға 15 ш. м, бірақ 38,52 ш. м аспауы керек;

2) көгілдір отын шығындары:

- орталық газбен жабдықтау үйлерінде тұратын отбасылар үшін – бір адамға айына 5,5 кг;

- жер үй-жайларда тұратын отбасылар үшін – айына бір баллон;

3) электр энергиясы жүйесін пайдалану нормасы:

жалғыз тұратындар үшін – 72 кВт, екі адамнан тұратын отбасылар үшін – 114 кВт,

үш адамнан тұратын отбасылар үшін – 50 кВт әрқайсына.

14. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй-құрылысында

тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі жылына бір рет ұсынылады.

15. Тұрғын үй-құрылысының жалпы алаңының 1 шаршы метріне көмірдің шығыны - 129,8 килограмм, алайда бір үйге 5000 килограмм мөлшерінен аспау қажет.

16. Сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, қоқысты әкету, лифт қызметі және телекоммуникациялық қызметтер үшін шығындар қызмет көрсетушілердің тарифтерімен ескеріледі.

17. Көмір құнын есептеу үшін облыстық статистика басқармасы ұсынған және тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдаймен алынған аудан бойынша орташа баға қолданылады.

18. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй құрылыстарында қолданылатын басқа отын түрлерінің құны мен шығын нормасы тұрғын үй көмегін есептегенде көмірдің құны мен шығын нормасына балама ретінде есептеледі.

19. Көмір сатып алудың маусымдылығына байланысты тұрғын үй көмегін есептеген кезде тұрғын үйге арналған көмір шығынының (көмірдің құны) барлық нормасы өтініш берілген тоқсандағы үш ай үшін бір рет есептеледі.

20. Тұрғын үй көмегін есептеген кезде отбасы көмірді сатып алған бағаға қарамастан (факт бойынша) алынған көмірдің мөлшерін көрсететін есепті (немесе басқа құжатты) ұсынады.

4. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер азаматтардың (отбасының) жиынтық табысын есептеу реті

21. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысы «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2012 жылы 6 ақпанда № 7412 тіркелді) есептеледі.

5. Тұрғын үй көмегін төлеу

22. Тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

6. Қорытынды ережелер

23. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

«Аудан тынысы» - «Пульс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады	Директор-бас редактор Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.	
Газет ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерінің тіркеу туралы N 12375-Г куәлігі (05.03.2012) берілген	Директор-бас редактордың орынбасары, Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5796 Таралымы 4010 оның ішінде «Аудан тынысы»880	Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен к., Космическая 6/3 Көлемі 2 баспа табақ